



Ақмола облысы әкімдігінің  
2023 жылғы 06 қантардағы  
№А-1/4 қаулысына қосымша

Ақмола облысы әкімдігінің  
2019 жылғы 18 қарашадағы  
№ А-11/554 қаулысымен бекітілген

**Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы  
«Көкше» облыстық оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының  
ЖАРҒЫСЫ**

**1-тарау. Жалпы ережелері**

1. Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көкше» облыстық оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.
2. Кәсіпорын Ақмола облысы әкімдігінің 2010 жылғы 1 қыркүйектегі № А-9/320 қаулысына сәйкес құрылды.
3. Ақмола облысының әкімдігі Кәсіпорынның құрылтайшысы болып табылады.
4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын Ақмола облысының әкімдігі (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырады.
5. «Ақмола облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган болып табылады (бұдан әрі - уәкілетті орган).
6. Кәсіпорынның атауы: Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көкше» облыстық оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.
7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 021700, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Щучинск қаласы, Орталық аудандық ауруханасының шағын ауданы, 3-имарат.

**2-тарау. Кәсіпорынның заңды мәртебесі**

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалды деп есептеледі.

### 3-тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні және мақсаты

10. Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сақтау саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып табылады.

11. Кәсіпорын қызметінің мақсаты тұрғындарын алдын-ала емдеу және оңалту қызметімен айналысу болып табылады.

12. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін, қызметтің мынандай түрлерін жүзеге асырады:

- 1) медициналық қызметі;
- 2) медициналық оңалту: физиотерапия, массаж, емдік физкультура;
- 3) оңалтуына арналған жаңа және жетілдірілген технологияларды іс-тәжірибеге еңгізу;
- 4) бастапқы медициналық құжаттама нысандарына сәйкес есепке алу;
- 5) есеп беру нысандарына сәйкес есептілік ;
- 6) аймақтық және халықаралық, республикалық алқалы жиынға, құрылтайларға, семинарларға және конференцияларға, мәжілістерге және тренингтерге қатысу;
- 7) еңбекке уақытша жарамсыздық пен кәсіби жарамтылықты сараптау;
- 8) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне кірмейтін ақылы медициналық қызметтер көрсету.
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Кәсіпорынға басқа да рұқсат берілген және лицензияланған қызмет;
- 10) мемлекеттік қызмет көрсетуге;
- 11) Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде шарттар (келісімшарттар) жасасу арқылы, Кәсіпорын қызметінің мақсатына және заңнама талаптарына сәйкес шаруашылық қызметтің өзге де түрлері;
- 12) созылмалы бронхо-өкпе патологиясы бар пациенттерге арналған фтизиопульмонологиялық оңалту қызметтері;
- 13) өткерген туберкулез ауруынан кейінгі қайталанбау салдарымен пациенттерді оңалту қызметтері.

13. Кәсіпорынның Жарғыда бекітілген қызметтік мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқысы жоқ.

14. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның), не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

#### 4-тарау. Кәсіпорынды басқару

15. Жергілікті атқарушы орган:

- 1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;
- 2) Кәсіпорынның жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 3) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;
- 4) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;
- 5) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

16. Тиісті саланың уәкілетті органы:

- 1) Кәсіпорын бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) міндетті көлемін айқындайды;
- 2) Кәсіпорынның даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;
- 3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;
- 4) Кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуы мен сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді;
- 5) Кәсіпорын мүлкінің есебін ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;
- 6) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы кәсіпорын басшысымен еңбек қатынастарын ресімдейді;
- 7) Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының және бас (аға) бухгалтердің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларды сыйақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;
- 8) өзіне осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

17. Кәсіпорынның органы оның басшысы болып табылады.

18. Басшы:

- 1) кәсіпорын атынан сенімхатсыз әрекет етеді және барлық органдарда оның мүдделерін білдіреді;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген шекте кәсіпорынның мүлкіне иелік етеді;
- 3) шарттар жасасады және өзге де мәлімелер жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) банк шоттарын ашады;
- 6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 7) Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда өзгеше көзделмесе, Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорын қызметкерлерімен

жұмысқа қабылдайды және еңбек шартын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және оларға жаза қолданады.

8) Уәкілетті органға өз орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін кандидатураларды ұсынады.

9) өз орынбасарларының және Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді.

10) дербес жауапкершілікте болады:

қаржы-шаруашылық қызметі және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы;  
таза табыстың белгіленген бөлігін бюджетке уақтылы аудармау.

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

19. Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданған және Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару жөніндегі барлық өкілеттер тиісінше уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

### 5-тарау. Кәсіпорынның мүлкі

20. Кәсіпорынның мүлкін кәсіпорынның барлық активтері құрайды, мүлік құны оның балансында көрсетіледі.

21. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлары) бойынша, оның ішінде кәсіпорын қызметкерлері арасында бөлуге болмайды.

22. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Кәсіпорынның қарамағында оның жарғылық мақсаттарында көзделген қызметті қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлік ғана болуы мүмкін.

24. Шаруашылық жүргізу құқығын иелену және тоқтату, егер осы жарғыда өзгеше көзделмесе немесе осы заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, меншік құқығын және өзге де заттық құқықтарды иелену және тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген шарттар мен тәртіппен жүзеге асырылады.

25. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудан алынған жемістер, өнімдер мен табыстар, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша сатып алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

26. Меншік иесі оған қатысты оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе меншік иесінің, шешімімен өзгеше белгіленбесе, Кәсіпорынның балансында мүлікті бекіту сәтінде туындайды.

27. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу, сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

28. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығыменшік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249 бабында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 144, 154, 162-баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

29. Кәсіпорын уәкілетті органының ұсынуы бойынша жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен келесілерге құқылы:

- 1) өзіне тиесілі дебиторлық берешекке билік етуге;
- 2) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;
- 3) қарыздар беруге.

30. Осы жарғының 27-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, кәсіпорын өзіне бекітілген негізгі құралдарға жататын мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

31. Кәсіпорын өзіне шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

32. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде немесе меншік иесінде өзгеше белгіленбесе, мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны кәсіпорын дербес пайдаланады.

## **6-тарау. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру**

33. Кәсіпорынның қызметі даму жоспарына сәйкес өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

34. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін жергілікті атқарушы орган белгілейді.

Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке есептелуге жатады.

Кәсіпорын корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды жүргізеді.

35. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес сатады.

36. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, көзделмеген қызметті жасаудан алған кірістері

Жарғымен, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құрылған өткізілетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) белгіленген бағаларды асыра бағалау нәтижесінде алынған кірістер Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алынуға жатады. Бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша мүлікті тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

#### **7-тарау. Кәсіпорынның жарғылық капиталы**

37. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 120 191 746 (жүз жиырма миллион жүз тоқсан бір мың жеті жүз қырық алты) теңгені құрайды.

#### **8-тарау. Кәсіпорынның есебі мен есептілігі**

38. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес уәкілетті органмен келісім бойынша кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

39. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігіне мыналар кіреді: бухгалтерлік баланс, пайда мен шығындар туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазба.

40. Кәсіпорын жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізеді, ол басшының, тиісті саланың уәкілетті органының бастамасы бойынша кәсіпорын қаражаты есебінен жүргізілуі мүмкін.

#### **9-тарау. Кәсіпорынның жауапкершілігі**

41. Кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікке жауап береді және мемлекеттік міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

42. Құрылтайшының әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Осы жағдайда мемлекет кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін соңғысының қаражаты жеткіліксіз болған кезде Кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап береді.

#### **10-тарау. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынастар**

43. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

44. Кәсіпорынның жұмыс кестесі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

### 11-тарау. Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу

45. Кәсіпорынның еңбегіне ақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

46. Еңбекке ақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылардың мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы беру жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын өз бетімен белгілейді.

47. Кәсіпорын басшысы, оның орынбасарларының, бас(аға) бухгалтердің лауазымдық айлықақылардың мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы беру уәкілетті органы белгілейді.

### 12-тарау. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

48. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

49. Кәсіпорынның қайта ұйымдастыруды және таратуды жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

50. Несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін таратылған Кәсіпорынның мүлкін жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

51. Несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

### 13-тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

52. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістермен толықтыруларды жергілікті атқарушы орган енгізеді.

Бас дәрігер



Асанұлы Дастан